

# ТӨЛДЕТҮ



## ТӨЛДЕУ

Оңтайлы жағдай жасалынған табында 90 % астам сиыр буаз болуы тиіс, буаздықты ректальді жолмен қолмен басып қарау (пульпация) әдісімен анықтайды. **Төлдеу буаздық анықталғаннан енесінен айыруға дейінгі аралықта дені сау бұзау алу жолындағы сынақ.** Буазыдық кезіндегі іш тастау мен бұзаулағаннан кейін төлдің өлуі (әдетте, оған шамамен 2 % үлесі тиесілі) төлдеу кезінде бұзаудың өлуі деңгейімен салыстырғанда анағұрлым төмен. Төлдеу кезіндегі шығын туылғаннан кейінгі шығынды жоғарылататын туылғаннан кейін бұзаулардың диареямен немесе плевмониямен ауыруы немесе іш тастауға алып келетін венериялық ауырулар ерекше жағдайларды құрайды.

Монтана Штатындағы Майлс-Сити тәжірибиелік станциясында зерттеу жүргізілген 15 жылда еселерінен айырғанға дейінгі аралықта бұзау шығыны 7 % дейінгі аралықты құрады (1.1 кесте). Оның ішінде 68 % туылғаннан кейінгі үш күнге тиесілі. Бұл бұзаулардың басым бөлігі орын алған қиын жағдайда төлдеудің нәтижесінде ушығудан өлген. Үшінші күннен кейін өлген бұзаулар негізінен диареямен және плевмониядан зардап жеккен. Орын алып отырған төлдеудің қиын жағдайда орын алуы мен бұзаулардың өлімі арасындағы байланысты атап өтуге болады, бірақ ересек сиырлармен салыстырғанда екі-үш жас аралығында төлдеген құнажындардағы бұзау шығыны жоғары болған. Төлдеуде туындайтын қиындықтар бұзаудың жынысымен және оның тірілей салмағымен шартталуы мүмкін, дегенмен мұндағы анықтаушы фактор сиырдың жамбас қуысы болып табылады. Дегенмен құнажындардың бұзауларының салмағы анағұрлым аз болады, жамбас қуысының ересек сиырлармен салыстырғанда тар. Осылайша төлдеудің қиындауы және бұзаудың шығыны екі жасар құнажындарда жиі байқалады. Сәтсіз төлдеу төлдерді еселерінен айыру кезінде бұзау шығымын төмендететін екінші маңызды себеп болғандықтан, малшы төлдеу кезінде қандай үрдістер орын алатынын түсінуі тиіс.

### 1.1 Кесте 15 жыл бойындағы бұзаулардың өлім көрсеткіші (Майла-Сити, Монтана материалдары бойынша)

Көрсеткіш	Бұзаулар саны	
	Басы	%
Төлдеудің жалпы саны *	13213	100
3 – күндік жасқа дейінгі аралықтағы бұзау шығыны	639	4.8
3 күндік жасынан енесінен айыру кезеңіне дейінгі аралықтағы бұзау шығыны	296	2.2
Еселерінен айырылған бұзау	12 278	93,0
Бұзаулаған екі жасар құнажындардың жиын саны	2 245	100
Бұзау шығыны	269	12
Бұзаулаған үш жасар құнажындардың жиын саны	1 398	100
Бұзау шығыны	120	8,6
Ересек сиырлардағы жалпы төлдеу саны	9 570	100
Бұзау шығыны	459	4.8

*\* Кейбір екінші рет төлдеген 3 жасар сиырлар жалпы көрсеткішке қосылған, осылайша екі және үш жасар құнажындардың және ересек сиырлардың бұзаулау саны жалпы төлдеу санына тең емес.*


**1. Төлдеу кезеңдері.** Табиғи жағдайда төлдеу үш кезеңге бөліп қарастырылады. **Бірінші кезең** жатыр мойнының ашылуымен бірге жүретін және төлдің босану каналына каналға кіруімен аяқталатын жатырдың жиырылуымен басталады. (1.1, А сурет). Бұл уақытта сиырдың тынышсызданып табыннан шығуға талпынуы байқалады. Бұл кезеңде **жыныстық ілмектен ұрық жолдас** шығуы мүмкін (су дорбасы). І кезең әдетте екі сағаттан алты сағатқа дейінгі аралықта созылуы мүмкін, ал құнажындарда кейде одан да ұзақ болуы мүмкін.

**Екінші кезеңінде** төл төлдеу жолдары арқылы жүреді. Төлдеудің бұл кезеңінде сиыр белсенділік танытуы тиіс. Төлдің үстінен оның қозғалысына ықпал ететін сырғитындай жағдай жасайтын жарылатын сулы қабыршық пайда болады. Үрдіске сиыр жамбасына бұзаудың басына, иығына және сербегіне қысым ықпал етеді қысым пайда болады, құрсақтық толғақты жиілетеді.

**Төлдеудің екінші кезеңі** әдетте ересек сиырларда 2 сағаттан кем уақытты алады. Құнажындарда бұл кезең жиі ұзақ уақытты талап етеді.

**Төлдеудің екінші кезеңі** әдетте ересек сиырларда 2 сағаттан кем уақытты алады. Құнажындарда бұл кезең жиі ұзақ уақытты талап етеді.

Аяқтары бір көрінгеннен кейін әр ышқыну сайын көрініп, жоғалмай алдыға қарай ілгері жылжуы тиіс. Егер тұяқтары төмен қарап ілмектен шығып тұрса, бұл бұзаудың алдыңғы аяқтары. Егер тұяқтары жоғары қаратылып тұрса, онда бұл жиі артқы аяқтары болады. Төлдеудің қалыпты жағдайында алдыңғы аяқтары созылық және онда шамамен тұяқ буыны маңайында төлдің басы жатады. (1.1, А сурет)



**Сурет 1.1. Төлдеудің II кезеңіндегі бұзаудың жылжыуы ( түсіндірмесі мәтінде).**

Төлдеу каналында бұзау жолы доғаға ұқсас. Жамбас қуысына кірген сәттен бастап оның қозғалысының бағыты сиыр құйрығының түбіне, одан кейін – сиыр арқасына параллельді бағытталады. (1.1, Б сурет ), кейін аса вентальді бағытта. Бұзау сербегінің жамбас қуысына кіреберісінде қозғалысы сиырдың артқы аяғына қарай бағытты алады. (1.1, В сурет). Осындай бұзаудың доға тәрізді қозғалысы кезінде бұзау әр уақытта жамбас қуысының диаметрі үлкен жерде орналасады. (1.1, Г сурет). Төлдеу барысында сиырға көмек көрсету қажет болған жағдайда, жыныс жолынан бұзауды суыру кезінде табиғи төлдеу кезіндегідей реттілік орындалуы тиіс.

Төлдеудің үшінші кезеңінде төл қабы шығады және жатыр мойыны жабылады. Ұрықжолдасының басым бөлігі бұзау туылғаннан кейін 8-12 сағаттан соң түседі. Егер ұрықжолдасы түспей жатқан жағдайда, оны қолмен түсіруге тырыспау қажет. 2-5 күн арлығында сиыр жатырына инфекция түсудің алдын алу үшін мұқият бақылау жүргізеді, ветеринардың кеңесімен антибиотиктер қойылады. Ұрықжолдасы табиғи жолмен түсуі қажет.

**2. Қиындатылған төлдеу (дистоция).** Төлдеу үрдісіне физикалық себеп немесе функционалдық ауытқулар кедергі келтірсе дистоция дамиды. **Қиындатылған төлдеулерге негізінен бұзаудың тірілей салмағы және бұзаудың жынысы, сиырдың жамбас қуысының мөлшері және тірілей салмағы сияқты факторлар ықпал етеді.** Еркек бұзаулар ұрғашы бұзаулармен салыстырғанда ірілеу келетіндіктен дистоция еркек бұзаулардың туылуына байқалады. Көптеген жағдайларда қиын жағдайда төлдеу тірілей салмағы төмен жамбас қуысының мөлшері тар сиырлар мен құнажындарда кездеседі. Бұл тізімге буаздықтың соңғы кезеңінде шамадан тыс азықтандырылған, төлдеу каналдарын тарылтатын жабас қуысында шамадан тыс көп май жиналған сиырлар жатқызылады.

Тірілей салмағы және бұзаудың дене бітімі сияқты көрсеткіштердің тұқым қуалағыштығы 30-50%. Туылғанда жоғары тірілей салмаққа және жоғары дене көлемін тұқымқуалағыштықпен беретін өндіруші-бұқалар сиырларды ауыр жағдайда төлдеуге жағдай жасайды. Етті бағыттағы дистоцияның 70% төлдің мөлшері мен жамбас қуысы диаметрі арасындағы сәйкессіздікпен байланысты шағылыстыру кезінде төлдеу кезінде қиындықтар тудыратын бұқаларды анықтау қажет. **Қолдан ұрықтандыруда қолданылатын бұқаларды бағалау кестесіне төлдеу жеңілдігіне балл кіргізілді және ол өндірушіні таңдауда негізгі бір ұстаным.** Қолдан ұрықтандыруға да, табиғи шағылыстыруға да арналған бірде-бір өндірушіні оның туылғандағы тірілей салмағын және оның ұрпағының туылғандағы тірілей салмағынсыз сұрыптамайды.

Ірі тұқымдағы бұқалармен сиырларды ұрықтандыру кезінде дистоция жағдайлары жиі байқалады. Бір-біріне сай тұқымдардан жұп құру және төлдеуі жеңіл жүретін тұқым арасында бұқаларды таңдау - дистоция мәселесін шешудің ең жақсы шешімі.

**3. Қай уақытта сиырға көмек көрсету қажет.** Ушыққан жағдайларда малшы сиырға қажетті көмек көрсетуі қажет. Төлдеу үрдісін жеңілдету үшін және тірі төл алу мүмкіндігін жоғарылату үшін жылдамырақ ұйымдастыру қажет.

Кәсіби көмек көрсету үшін және төлдеу үрдісіне араласу үшін малшы қажетті білімге ие болуы қажет. Төлдеу барысында бір адамның шамасы жетпейтіні анық болса, ветеринарды шақырады. Сиырларға бақылау жасау кезінде төлдеу басталғаннан кейін 2-3 сағаттан кейін еш өзгеріс болмауына, немесе ұрықжолдас көрінгеннен кейін 2 сағат аралығында бұзау көрінбейтініне назар аударады. Жатыр мойынының ашылуына дейінгі тым белсенді көмек сиырды, сонымен қатар бұзауды қатты жарақаттауы мүмкін.

Дегенмен, бұзау төлдеу жолында тұрса, жатыр мойынынан өтуге аз қалған болатын болса дереу суырып алу қажет. Егер төлдеу басталғаннан кейін бір сағат өтсе, бірақ жатыр мойыны ашылмаса, жамбас қуысы арқылы өтуі үшін бұзау ірі болатын болса, көмекке жүгіну қажет.

**Есіңізде болсын, төлдеудің ұзақтығы, ондағы алынған асқынулар бұзаудың өміршеңдігіне үлкен ықпал етеді. Төлдеу кезінде сәйкес көмектің дереу көрсетілуі, бұзаудың тірі туылу ықтималдылығын жоғары етеді.**



**4. Қиын төлдеуді өткергеннен кейінгі ұдайы өсу қабілеті.** Дистоция және басқа да төлдеумен байланысты қиындықтар келешекте сиырлардың ұдайы өсу қабілетіне ықпал етеді. Бұзауы жамбас қуысынан шыққан соң дереу көмек көрсетілген сиырлар мен тайыншалар (II кезең) немесе шұғыл көмек қажет болса да көмек көрсетілмеген сиырлар бірінші топқа жатқызылады. Келесілерге шағылыстырудың бірінші кезінде жоғары ұрықтануды көрсеткен, шағылыстыру маусымында олардың ішінен 45 күнге буаз сиырлар пайызы жоғары болған сиырлар жатқызылады. Кейін олар төлдеген. Бұл бақылау **ерте көрсетілген акушерлік көмек сиырдың келесі ұдайы өсу қабілетін жақсартатынын және төлдегеннен кейін тірі, дені сау бұзау алу ықтималдылығын жоғарылататынын көрсетеді.**

Төлдеу кезінде әдетте пайда болған басқа ушығулар, анықталғандай сиырлардың ұдайы өсу қабілетіне әртүрлі ықпал етеді. Ұрықжолдасының кешеуілдеуі, кесарь тілігінің жасалуынан, қынаптың немесе жатырдың пролапсынан кейін сиырдың ұрықтану деңгейі 1.2 кестеде келтірілген. сиырлардың ұдайы өсу қабілеті жоғары болады. Плацентаның кешеуілдеуі төлдеуі қалыпты жануарларды ұрықтандырумен бірдей болғанына қарағанда төлдеуден кейінгі ұдайы өсу қабілетін төмендетпейді. Кесарь тілігінен кейінгі, жатыр немесе қынап пролапсынан кейін ұрықтану қабілеті төмендейді. Бұл мәліметтер кесарь тілігінен немесе пролапстан кейін сиырларды табында егер жануарлардың генетикалық қоры жоғары болған жағдайда ғана қалтыру керектігін растайды.


Бұл мәліметтер төлдеу үрдісі төл өміршеңдігіне және сиырлардың кейінгі ұдайы өсу қабілетіне ықпалын көрсетеді. Бұл факторлардың үлкен экономикалық мәні акушерлік көмек қажет еткен жануарға дереу берілуі керектігін талап етеді

**Кесте 1.2 Кесарь тілігінің және жатыр немесе қынап пролапсының келешектегі ұдайы өсу қабілетіне ықпалы**

Ауытқулар	Өсіруге арналған сиырлар саны	Буаз сиырлар	
		Бас	%
Кесарь тілігі	105	55	52,4
Плацентаның кешеуілдеуі	45	37	82,2
Жатыр қынап	92	40	43,5
Пролапсы	15	7	46,7

**5. Төлдеу уақытына бақылау.** Төлдеу барасында сиырлады көмекпен қамтамасыз ету таңғы 8 ден кешкі 17 сағат аралығында төлдейтін болса жеңіл. Өкінішке орай ол әрқашан олай бола бермейді. АҚШ ауыл шаруашылығы Министрлігінде және Манитобс университетінде күнделікті азықтандыру уақытын қарапайым өзгерту арқылы сиырлардың төлдеу уақытын өзгертетін ықтималдылық ұсынылған. Манитоба тәжірибиелік станциясында сиырларды әдетте күніне 2 рет, таңертең ерте және кешке ерте азықтандырады. Осындай тәртіпте шамамен алғанда сиырлардың жартысы таңғы сағат 7 мен кешкі сағат 7 аралығында, ал келесі жартысы кешкі сағат 7 мен таңғы сағат 7 (түнде) аралығында төлдеген. Осындай тәртіпте шамамен алғанда сиырлардың жартысы таңғы сағат 7 мен кешкі сағат 7 (күндіз) аралығында, ал келесі жартысы кешкі сағат 7 мен таңғы сағат 7 (түнде) аралығында төлдеген. Азықтандыру уақытын таңғы уақытта кештетіп (сағ 10) және кешкі уақытта ерте (сағ 17) ауыстыру күн мен түн аралығында төлдейтін сиырлардың арақатынасын өзгертеді. Осындай жүйе бойынша азықтандырылған фермадағы 43 сиырдың, таңғы уақытта кешеуілдетіп, кешке ерте азықтандырылған 40% күннің ыңғайлы уақытта, күндіз төлдеген (1.2 сурет) таңғы кеш және ерте кешке азықтандырылған 49 сиырдың 74% күндізгі уақытта төлдеген.

Егер қарапайым таңғы және кешкі азықтандыру уақытын өзгерту табындағы сиырлардың төлдеу уақытын керемет өзгертер болса, төлдеу қиын жағдай орын алған жағдайда көмек көрсету үшін төлдеу уақытын өзгертуде кеңінен қолдануға болады. Осы тәжірибемен жануарларды жақсы жағдайда ұстауды қатар алар болсақ, әсіресе төлдегеннен кейінгі бірінші аптада төл шығыны азаяды, ал сиырлардың ұдайы өсу қабілеті артады.



**Сур .1.2 Күндізгі және түнгі төлдеу санына азықтандыру уақытының ықпалы.**